

"Қызылорда қаласы жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 09 маусымдағы №3630 қаулысының күшін жою туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 4826 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда қаласы жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 09 маусымдағы № 3630 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5063 тіркелген, 2015 жылғы 29 шілдедегі № 57 "Ақмешіт апталығы", 2015 жылғы 29 шілдедегі № 30 "Қызылорда Таймс" газетерінде және 2015 жылғы 07 тамыздағы " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Қызылорда қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде оның көшірмесін Қызылорда облысының Әділет департаментіне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің
міндетін атқарушы*

А. Шәменов